Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

мынадай:

жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру кезінде (кәсіпшілік балық аулауға, ғылыми-зерттеулік аулауға, эксперименталдық аулауға, мелиоративтік аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, әуесқойлық (спорттық) аулауға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру кезінде (аң аулауға, жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

жеке басын куәландыратын құжат, ал өкіл үшін – көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы туралы төлем құжатының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын адамдар тізімі.

Пайдалану түріне байланысты қосымша өтінімге мына құжаттар қоса беріледі :

1) аң аулауға (алғашқы рет жүгінген кезде):

жануарлар дүниесінің объектілерін алу шетелдіктердің қатысуымен жүргізілген жағдайда – аңшылық шаруашылығы субъектісі аң аулауды ұйымдастыруға шетелдіктермен жасаған шарттың көшірмесі;

2) ғылыми-зерттемелік аулауға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми жұмыстар жүргізу негіздемесінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының көшірмелері;

жануарлар дүниесі объектілерінің аулануы жоспарланып отырған көлеміне негіздеме беретін есеп-қисаптардың көшірмесі;

бұдан бұрын берілген рұқсаттарды пайдалану нәтижелері туралы есебінің көшірмесі (рұқсаттар берілген жағдайда);

3) өсімін молайту мақсатында аулауға:

балық ресурстарының өсімін молайту бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау мақсаттары үшін аулау жағдайларын қоспағанда, бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің көшірмесі;

4) эксперименталдық аулауға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің көшірмесі;

5) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасынан үзінді-көшірмелері;

жануарлар дүниесі объектілерін алуға негіздеме болатын материалдардың көшірмелері (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме);

б) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсаттарында пайдалануға:

жануарлар дүниесі объектілерін алуға негіздеме болатын материалдардың көшірмелері (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме).

Порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған мынадай:

жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру кезінде (кәсіпшілік балық аулауға, ғылыми-зерттеулік аулауға, эксперименталдық аулауға, мелиоративтік аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, әуесқойлық (спорттық) аулауға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру кезінде (аң аулауға, жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нысандағы өтінім;

ЭҮТШ арқылы төленгенін қоспағанда, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы туралы төлем құжатының электрондық көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, аң аулауды қоспағанда жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын адамдар тізімінің электрондық көшірмесі.

Пайдалану түріне байланысты қосымша өтінімге мына құжаттар қоса беріледі :

1) аң аулауға (алғашқы рет жүгінген кезде):

жануарлар дүниесінің объектілерін алу шетелдіктердің қатысуымен жүргізілген жағдайда – аңшылық шаруашылығы субъектісі аң аулауды ұйымдастыруға шетелдіктермен жасаған шарттың электрондық көшірмесі;

2) ғылыми-зерттемелік аулауға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми жұмыстар жүргізу негіздемесінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесі объектілерінің аулануы жоспарланып отырған көлеміне негіздеме беретін есеп-қисаптардың электрондық көшірмесі;

бұдан бұрын берілген рұқсаттарды пайдалану нәтижелері туралы есебінің электрондық көшірмесі (рұқсаттар берілген жағдайда);

3) өсімін молайту мақсатында аулауға:

балық ресурстарының өсімін молайту бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау мақсаттары үшін аулау жағдайларын қоспағанда, бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің электрондық көшірмесі;

4) эксперименталдық аулауға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің электрондық көшірмесі;

5) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға:

бейінді ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасынан электрондық үзінді-көшірмелері;

жануарлар дүниесі объектілерін алуға негіздеме болатын материалдардың электрондық көшірмелері (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме);

б) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға:

жануарлар дүниесі объектілерін алуға негіздеме болатын материалдардың электрондық көшірмелері (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме).

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу немесе жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, оның тіркелгені туралы көшірмесіндегі белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымды қабылдау туралы мәртебе жолданады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы не оның болмауы;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет

түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі _____ Д. Абаев

13 сәуір 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

10 сәуір 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасының
ішкі нарығында сауда үшін
бекіре тұқымдас балық түрлері
уылдырығының таңбасын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
Орман шаруашылығы және
жануарлар комитеті

кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы,
жеке тұлғаның (дара
кәсіпкердің),

тегі, аты, әкесінің аты (жеке
басын куәландыратын құжатта
бар болса)

мекенжайы _____

(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар
болса), телефоны)
көрсетілетін қызметті
алушының деректемелері

(бизнес сәйкестендіру
нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш

Ішкі нарықтағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының таңбасын беруді сұраймын.

Уылдырық түрлері туралы мәлімет:

1. Уылдырық түрі				Түрлер бойынша сыйымдылық саны және түрлері		
1.1	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Латын тілінде	Сыйымдылық саны	Б і р сыйылуылықтың салмағы	Уылдырықтың жалпы көлемі

1.2					
1.3					
2.	Үлгінің шығу тегі (отандық-табиғи, отандық-жасанды, импортталған, тәркіленген)				
3.	Егер өтінілген уылдырық табиғи болса, балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманың нөмірі және күні				
4.	Түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куәліктердің (тің) нөмірі және күні (бар болса)				
5.	Егер өтінілген уылдырық жасанды болса, түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның (лардың) нөмірі және күні (бар болса)				
6.	Егер өтінілген уылдырық импортталған болса, Құрып кету қаупі төнген жабайы флора мен фауна түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттың нөмірі және күні				

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн " ____ " _____ 20____ жыл.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
2-қосымша
"Қазақстан Республикасының
ішкі нарығында сауда үшін

бекіре тұқымдас балық түрлері
уылдырығының таңбасын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

Бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын алу туралы ақпарат

р/ с №	Балықтың түрі	Балықтың жасы (аймен немесе жылмен)	Балықтың салмағы (киллограммен)	Алынған уылдырық салмағы (граммен)	Уылдырықты алу тәсілі (сауып алу тәсілі (тірідей) немесе кесер тілігі тәсілі)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
3-қосымша
"Балықтың қайдан ауланғаны
туралы анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

кімге _____

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

кімнен _____

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атауы)

мекенжайы _____

(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар
болса), телефоны)

көрсетілетін қызметті алушының
деректемелері _____

(бизнес сәйкестендіру
нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш

Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беруді сұраймын.

Ауланған балық немесе басқа да су жануарлары туралы ақпарат:

Табиғи ортадан ауланған/жасанды ортада өсірілген балықтар/су жануарлары (қажеттінің астын сызу керек)

№	Аулану орнының (су айдынының, учаскенің) атауы	Балықтардың немесе басқа су жануарларының түрлері	Орналасқан жері (су айдынының, учаскенің)	20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша ауланғаны (тонна)		20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша қалған квота (тонна)	Жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты (тонна)
				Өтініш берген күні балықтың немесе басқа да су жануарларының ауланған көлем	Жыл басынан өсу ретімен		
1.							
2.							
3.							

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың нөмірі және күні _____

Көлік жүкқұжатының нөмірі және күні _____ жылғы _____ № _____

Сату-сатып алу шартының нөмірі және күні _____ жылғы _____ № _____

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн " __ " _____ 20__ жыл.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдiң орны (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
4-қосымша
"Әкімшілік органның Жабайы
флора мен фаунаың құрып кету
қаупі төнген түрлерінің
халықаралық саудасы туралы
конвенция қолданылатын
жануарлар түрлерін
Қазақстан Республикасының
аумағында әкелуге және
Қазақстан Республикасының
аумағынан әкетуге рұқсат беруі"

мемлекеттік көрсетілетін қызмет
 стандартына қосымша
 Нысан
 Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігінің Орман
 шаруашылығы және жануарлар
 дүниесі комитеті
 кімнен _____
 (заңды тұлғаның толық атауы,
 жеке тұлғаның (дара
 кәсіпкердің),

 тегі, аты, әкесінің аты (жеке
 басын куәландыратын құжатта
 бар болса)
 мекен-жайы _____
 (индекс, облыс, қала, аудан,
 көше, үй №, пәтер № (бар
 болса), телефоны)
 көрсетілетін қызметті
 алушының деректемелері _____

 (бизнес сәйкестендіру
 нөмірі/жеке сәйкестендіру
 нөмірі)

Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат беруге өтініш

Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат беруіңізді сұраймын

(қажеттінің астын сызу)

1	Өкелу және әкету мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, өсімді молайту мақсаттары, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар мен мұражайлар арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берулер)
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, уылдырық, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін - жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)
4	Үлгілердің саны және (немесе) салмағы
5	Үлгілердің шығу тегі (табиғаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды және басқалар)
6	Түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куәліктердің (тің) нөмірі және күні (бар болса)

7	Үлгілер Қазақстан Республикасы аумағында қолдан өсірілген болса, түрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның (лардың) нөмірі және күні (бар болса)
8	Егер жануарлардың түрлері, олардың бөліктері мен дериваттары табиғи ортасынан Қазақстан Республикасы аумағындағы жануарлар түрлерінің санын реттеу арқылы алынса, саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға берілетін рұқсат қағазының нөмірі мен күні
9	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факстары (жеке тұлғалар үшін – үйінің мекенжайы, паспорттық деректері)

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн " ____ " _____ 20____ жыл.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
5-қосымша
"Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан
кімге _____

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)
кімнен _____

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атауы)
мекенжайы _____

(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар болса),
телефоны)
көрсетілетін қызметті
алушының деректемелері _____

Өтінім

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруді (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық)

балық аулау, ғылыми-зерттеу үшін аулау, эксперименттік аулау, мелиоративтік аулау, өсімді

молайту мақсатындағы аулау) сұраймын _____

Пайдалану түрі: _____

Су айдынының және (немесе) учаскесінің атауы: _____

Алып қою мақсаты: _____

Алып қою тәсілдері: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған 201__жылғы " __ " _____ №__ шарт

Балық аулауға арналған 201__жылғы " __ " _____ №_____ шарт

Мекендейтін ортасынан алынуы жоспарланған жануарлар дүниесі объектілерінің тізбесі мен саны:

Объектілердің атауы	Саны (тонна)

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда) _____

Алып қою мерзімі _____ бастап _____ дейін

Болжамды алу учаскесінің ауданы (аумағы) мен шекарасы _____

Алып қою құралдары: _____

Алып қою құралдарының атауы	Саны

Жүзу құралдары:

Кеменің типі	Саны дана

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімді берілген күн " __ " _____ 20__ жыл.

(өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
6-қосымша
"Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

кімге _____

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

кімнен _____

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атауы)

мекенжайы _____

(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар
болса), телефоны)

көрсетілетін қызметті
алушының деректемелері _____

(бизнес сәйкестендіру
нөмірі/жеке сәйкестендіру
нөмірі)

Өтінім

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат (аң аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелеу және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға) беруді сұраймын.

Пайдалану түрі: _____

Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың нөмірі және күні _____

Алып қою мақсаты: _____

Алып қою тәсілдері: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекендеу ортасынан алып қою жоспарланатын объектілердің тізбесі мен саны:

Жануарлардың түрлері	Саны (дарақтар)	Учаскенің ауданы (аумағы) және шекарасы

Жалпы құны (теңге) _____

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алып қою мерзімі: _____ бастап _____ дейін.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімді берілген күн " __ " _____ 20__ жыл.

(өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (заңды тұлға үшін – бар болса))

орынбасарының -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
7-қосымша
"Саны реттеуге жататын
жануарлар түрлерін алып қоюға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

кімге _____

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)
кімнен _____

(көрсетілетін қызметті
алушының толық атауы)
мекенжайы _____

(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар
болса), телефоны)
көрсетілетін қызметті
алушының деректемелері _____

(бизнес сәйкестендіру
нөмірі/жеке сәйкестендіру
нөмірі)

Өтінім

Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беруді сұраймын.

1	Жануарлардың санын реттеу мақсаты және негізі
2	Алып қою тәсілдері (жою, ұстап алу, аулау, атып алу, жинау, соғып алу)
3	Аңшылық куәлігінің және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және өзімен алып жүруге, тасымалдауға арналған рұқсаттың нөмірін, берілген күнін және қолдану мерзімін көрсете отырып, рұқсатты қолдануға жауапты тұлға. Балықтың санын реттеу кезінде, балықшы куәлігінің нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі көрсетіледі.
4	Аң мен балық аулау объектілері болып табылмайтын жануарлардың атауы және алып қою көлемі (дарақ, тонна) (бір аңшыға үш дарақтан көп емес қасқырды және шибөріні алып қоюға шектеу)
5	Жануарлардың санын реттеу учаскенің ауданы (аумағы) және шекарасы (ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда, аңшылық шаруашылығы аумағында аңшылық шаруашылығы субъектісімен келісу бойынша)

6	Жануарларды алып қою мерзімдері (бір күнтізбелік жылдан артық емес)
7	Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда)

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімді берілген күн " __ " _____ 20__ жыл.

(өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің орны (болған жағдайда))